

5. Аттестатталушы мұғалімдермен жасалған жасалған жұмыстар.

2021-2022 оку жылында күз мезгілінде тапсырған ҰБТ-дан бастауыш сынып мұғалімі орыс сыныптарында оқытатын Кабдулина Ж.С. педагог-экспертке өтті. Аудандық әдіскерлерге портфолиосы тапсырылып, біліктілік берілді. Мектебіміздің ютуб каналы ашылып, бейнесабактар салынды.

6. Дарынды балалармен жасалған жұмыстар.

Жыл бойы әр түрлі бағытта дарынды оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Әсіресе, спорт бойынша мектебімізде дарынды оқушылар көп, барлық жарыстардан орындар әкеліп отырды. Мейрман Айна мен Туken Мадина барлық спорттық жарыстарға белсene қатысып, жүлделі орындармен марараптталды. Тогызқұмалак, баскетбол, волейбол, теннис, хоккей, футбол ойындарына оқушылар белсene қатысты. Дарынды оқушылар мәнерлеп окудан да қатысып, орындарга ие болды. Сонымен қатар, мектебімізде 05 мамыр күні «Талантты және дарынды балаларды оқыту арқылы жоғарғы жетістіктерге қол жеткізу» тақырыбында мектепішілік гылыми жобалар байқауы өткізілді. Мақсаты: Оқушылар бойындағы дарындылық қабілетін жетілдіру, талантты және дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ерекшелігін нақтылау, әрі жүйелу әдістерін көрсету. Жобага 4 оқушы қатысты. Тақырыбында мен жетекшілері марараптталды. Мектеп бойынша шығармашыл топтағы мұғалімдер бағалады. Аудандық гылыми жобага Сериков Рустемнің жобасын бағалап, ауданға жіберілді. Жетекшісі: Алтанбек Бауыржан.

7. Пәндік олимпиадаларға қатысу мониторингісі.

Мектеп бойынша дарынды балалар тізімін 2-11 сыныптар арасында 49 оқушы күрайды.

Бастауыш сыныптарда- 13 оқушы, орта буында -29 оқушы, жоғары сыныптарда -7 оқушы.

Қазан айында 3-4 сынып оқушылары арасында математика пәні бойынша олимпиада өтті. Математика пәні бойынша бастауыш сыныптың 6 оқушысы қатысып, оның 5-еуі жүлделі орын алды, 83% сапа көрсетті.

Олимпиада нәтижесі бойынша 3 сыныптар аралығында I орын- Мейрман Әлихан, Вотчель Эльвина , II орын- Бакытжан Ернұр иеленді. 4 сыныптар арасында 2 оқушы Ерболат Ерсайын және Варивода Егіна – II орынды иеленді.

Сәуір айында бастауыш сынып апталығы аясында қазақ тілі, орыс тілі пәні бойынша олимпиада үйымдастырылды. Бұл олимпиадаға 3 оқушы қатысып, 1 жүлделі орын анықталды , сапасы - 33%. Олимпиада қорытындысы бойынша Кабдулина Ясмина -I орын иеленді.

5-6 сыныптар арасында 12 қараша күні пәндік олимпиада өтті. Олимпиадаға 15 оқушы қатысты. Оқушылар: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, математика, тарих және жаратылыстану пәндерінен дайындалған тапсырмаларды орындаады. Олимпиада қорытындысы бойынша Хабиболлова Жұлдыз, Мейрманова Айша, Найманбаев Рашит, Варивода Виктор – I орын . Жәрдем Жанәділ, Филипенко София, Фонарёва Татьяна, Кабдулин Расул, Ридунова Вероника-II орын алды . 4 оқушы – III орын иеленді: олар Джумабаева Тамирис, Ерханова Анель, Алтынбек Нұрзат, Лунгу Артём. 6 оқушы тілдер олимпиадасына қатысты, 9 оқушы жаратылыстанубағытындағы пәндерге қатысты. Тілдер бойынша сапа көрсеткіші – 83%, жаратылыстану бағыты бойынша сапа- 88 %

5 сыныптардың 20 оқушысы « Қабілет» олимпиадасына қатысты және 5-6 сыныптың оқушысы «Мың бала» олимпиадасына тіркеліп, қатысты.